

М.О. Иембекова 

К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: iembek@mail.ru

«ПАНТЮРКИЗМ» ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ЕЛДЕРІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі таңда Еуразия кеңістігінде орналасқан түркі елдерінің қарым-қатынасы қарқынды дамып, стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілгені белгілі. 2021 жылы Түркі кеңесінің «Түркі мемлекеттері ұйымына» айналуы бұл елдердің өз арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделі екенін көрсетті. Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы жаңа деңгейге көтерілген сайын белді державалар «пантюркизм» идеологиясының қайта жандануы мүмкін деп алаңдайды. Бұл жағдай әсіресе Түркия және түркі елдері арасында болып жатқан ынтымақтастық қатынастардан үнемі саяси астар іздеп отыратын Ресей зерттеушілерінен байқалады.

Мақалада «пантюркизм», «түрікшілдік» және «Ұлы Тұран» ұғымдарының шығу тегі мен мәні зерттеліп, осы ұғымдарға қатысты отандық және шетелдік авторлардың пікірлері жан-жақты талданады. Бұл ұғымдардың қазіргі қолданыстық мәні мен саяси астарына ерекше назар аударылады. Автор қазіргі «пантюркизмнің» қауіп төндірмейтіні туралы өз көзқарасын негіздеп, осы уақытқа дейін түркі елдерінің өзара ынтымақтастықта қол жеткізген табыстарына сүйене отырып, бұл елдер арасындағы қарым-қатынастың ешкімге қауіп төндірмейтін әлемдік ықпалдасудың бір көрінісі екендігін негіздейді.

Зерттеу жұмысында автор түркі елдері арасындағы өзара ынтымақтастықтың қазіргі мәні қандай да бір қауіп төндіретін жағдай емес, керісінше әлемдік өркениетті жан-жақты дамытуға, әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлкен үлес қосатын өзара ынтымақтастық ерекше қатынастар екендігін түйіндейді.

Түйін сөздер: Түркия, түбі бір түркі елдері, пантюркизм, түрікшілдік, Ұлы Тұран, Түркі Мемлекеттерінің Ұйымы, Ресей.

M.O. Iyembekova

K. Sagadiyev University of International Business, Almaty, Kazakhstan
e-mail: iembek@mail.ru

Pan-Turkism and the Peculiarities of Cooperation between Modern Turkic Countries

It is currently known that the Turkic countries located in the Eurasian space have developed their relations and raised them to the level of strategic partnership. The transformation of the Turkic Council into the Organization of Turkic States in 2021 showed the interest of these countries in further developing cooperation between these countries. Every time the mutual cooperation of the Turkic states moves to a new stage, major powers fear the revival of the idea of «pan-Turkism». Especially Russian researchers are constantly looking for political implications from cooperation between Turkey and the Turkic states.

The article examines the emergence of the concepts «Pan-Turkism», «Turkism», «Great Turan», comprehensively analyzes the opinions of domestic and foreign authors regarding these concepts, analyzes the essence and political background of these concepts today and the author comprehensively proves from his point of view and makes there is a clear conclusion that today's «pan-Turkism» is not a dangerous phenomenon for anyone. The achievements of mutual cooperation relations between modern Turkic countries are also noted from the point of view of the need for relationships between them.

In the research work, the author substantiates that mutual cooperation between Turkic countries does not pose a danger; on the contrary, huge achievements in the relations between these countries make a great contribution to the comprehensive development of world civilization, ensuring universal peace and security.

Keywords: Turkey, Turkic countries, pan-Turkism, Turkism, Great Turan, Organization of Turkic States, Russia.

М.О. Иембекова

Университет международного бизнеса имени К. Сагадиева, Алматы, Казахстан
e-mail: iembek@mail.ru

«Пантюркизм» и особенности сотрудничества современных тюркских стран

В настоящее время известно, что тюркские страны, расположенные на евразийском пространстве, развивали свои отношения и подняли их на уровень стратегического партнерства. Преобразование Тюркского совета в Организацию тюркских государств в 2021 году показало заинтересованность этих стран в дальнейшем развитии сотрудничества. Всякий раз, когда сотрудничество между тюркскими государствами переходит на новый уровень, крупные державы беспокоятся о возможном возрождении идеологии «пантюркизма». Этот тревожный момент замечен в отношении российских исследователей, которые ищут политические подоплеку за сотрудничеством Турции и тюркских государств.

В данной статье исследуется происхождение и смысл понятий «пантюркизм», «тюркизм» и «Великий Туран», а также проводится всесторонний анализ взглядов отечественных и зарубежных авторов на эти концепции. Особое внимание уделяется их современной сущности и политическим мотивациям. Автор представляет собственную точку зрения, утверждая, что современный «пантюркизм» не представляет опасности, и делает вывод о необходимости укрепления взаимоотношений между тюркскими странами на основе достигнутых успехов в сотрудничестве.

В своем исследовании автор обосновывает, что сотрудничество между тюркскими странами не только не представляет опасность, но и является значительным фактором в прогрессе мировой цивилизации, способствуя обеспечению всемирного мира и безопасности.

Ключевые слова: Турция, тюркские страны, пантюркизм, тюркизм, Великий Туран, Организация тюркских государств, Россия.

Кіріспе

КСРО ыдырап, оның құрамындағы түркі тілдес елдер тәуелсіздігін алғаннан бері Түркия Республикасы мен посткеңестік кеңістіктегі түркі тілдес елдердің арасындағы өзара ынтымақтастық қатынастардың қалыптасуы және даму тенденциясы оған көрші жатқан алпауыт мемлекеттер Ресей, Қытай мен қатар Батыс елдерінің де ерекше назарында екені белгілі.

Оның себебі белді мемлекеттердің өткен ғасырда пайда болған «пантюркизм», «түрікшілдік» идеяларының кейінгі кезде қайтадан бас көтеріп, түркі елдері өзара бірігіп, қандай да қауіп төндіретін одаққа айналама деген қорқынышынан туындап отырғаны сөзсіз. Ресей тіпті өзінің құрамындағы түркі халықтарымен Түркияның кез-келген жақындасуын өзінің территориялық тұтастығына төнген қауіп ретінде көретіні анық. Бұған кейінгі кезде әсер еткен жағдай әсіресе, XX ғ. 90-шы жылдары бұл елдің құрамындағы түркі тілдес халықтар мен басқа да федералдық құрылымдардың (Шешенстан) өздерінің тәуелсіздігін алуға, өз алдына дербес саясат жүргізуге ұмтылған әрекеттерінен көруге болады. Бізге белгілі болғандай Б. Ельциннің тұсында 1994 жылы түркі елдерінің ішінде Татарстан Мәскеумен федерация құрамында өкілеттіктерді бөлісу туралы мерзімсіз уақытқа келісім жасаған болатын. Осыдан соң Татарстан шетел мемлекеттерімен кедергісіз экономикалық, гуманитарлық қатынастарды жалғастырған еді. Алайда В. Путиннің билік басына келуімен бұл келісім одан әрі өмір сүруін тоқтатты, ендігі жерде федералдық құрылымдардың басшысын Мәскеу тағайындайтын болды және шетелмен байланыс әрекеттері шектелді. Сонымен бірге Мәскеу осы уақытқа дейін өз құрамындағы халықтар мен ұлттардың қандай да бір дербестікке, егемендікке ұмтылу әрекетін болдырмауға тырысып отырғанын байқауға болады.

Сонымен бірге Орталық Азияның түркі тілдес елдерінің тәуелсіздігін алысымен Түркия Республикасымен тез арада достық қатынастарды орнатып, түбі бір түркі елдерінің арасындағы өзара ынтымақтастық қатынастардың стратегиялық серіктестік деңгейіне дейін көтерілуі және осы елдер арасындағы ықпалдасу үдерісінің тұрақты дамып, интеграцияланудың түрлі тетіктерінің қалыптасуы да бұл елдерді алаңдатып, Орталық Азияда өздерінің саяси, экономикалық мүдделері бар Ресей мен Қытай үшін үнемі алаңдатушылық тудырған жағдай орын алғаны белгілі.

Тағы бір ескерерлік жағдай 2021 жылы Түркі Кеңесі «Түркі мемлекеттерінің Ұйымы» мәртебесіне өтіп, оның құрамындағы елдер «Түркі әлемінің болашағы – 2040» стратегиясын қабылдағанда әсіресе Ресей ерекше алаңдатушылық көрсетті.

Тағы бір ескерерлік жағдай 2021 жылы Түркі Кеңесі «Түркі мемлекеттерінің Ұйымы» мәртебесіне өтіп, оның құрамындағы елдер «Түркі әлемінің болашағы – 2040» стратегиясын қабылдағанда әсіресе Ресей ерекше алаңдатушылық көрсетті.

Сондықтан бұл елдерді алаңдатып отырған пантюркизм, Ұлы Тұран мемлекетін құру сияқты идеялар ешқандай бір қауіп төндіретін күрделі мәселе емес, бар болғаны әлемдік ықпалдасу үдерісінің бір көрінісі екендігін, түркі тілдес елдердің өздерінің ортақ мәдениетін, салт-дәстүрін бірігіте отырып жаңғырта дамытып, түбі бір, тілі бір, діні бір елдердің экономикалық жағынан бір-біріне көмектесе отырып, адамзаттың даму үдерісіне ерекше үлес қосу, жер бетінде бейбітшілік пен өзара ынтымақтастықты дамыту екендігін ғылыми жағынан негіздеу қажеттігі туып отыр. Мақаланы жазудағы мақсатымыздың өзі осы аталғандар, былайша айтқанда, түркі елдері ынтымақтастығының әлемдік интеграциялық даму үдерісінің жалғасы, әлем халықтарының әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан дамуына қомақты үлес қосу екендігін көрсету болып отыр. Түркі халықтарының өз арасындағы байланыстарды дамытуға деген ұмтылысы пантюркизм да, түрікшілдік те емес және ешбір ел Ұлы Тұран мемлекетін құруға ұмтылып отырмағандығын дәлелдеу болып табылады.

Өзімізге белгілі түркі тілдес халықтар Еуразия континентінде сонау Балқан түбегінен Сібірге дейінгі кең аймақты қоныстанған. Бүгінгі күні әлемде түркі халықтары 300 миллионнан астам адамды құрайды. Мұның өзі әлем тарихында үлкен із қалдырған 17 империя мен жүздеген мемлекеттердің ұрпақтары болып табылады (Asseby, 2023). Әрине ендігі жерде осындай орасан күш біріксе әлемдік саясатқа ықпалы басқаша болуы мүмкін. Дегенмен қазіргі әлемдік саясаттың барысы, қазіргі геосаяси жағдайлар мұндай бір күшті саяси құрылымның болуына мүмкіндік бермейтіні сөзсіз.

Қазіргі әлемдік саясаттағы жаһандану, интеграциялану, аймақтану құбылыстары барлық елдердің бұдан былай жеке дара өмір сүре алмайтындығын көрсетті және олардың қандай да бір мақсатта өздерінің өсіп-өркендеуі үшін бірігуді қажет ететін үдерістерді жүзеге асыруға мәжбүрлеуде. Осындай жағдайда түбі бір, тілі бір, тарихы мен мәдениеті, дәстүрлері бір түркі халықтарының бірігуі, өзара ынтымақтаса отырып дамуға деген ұмтылысы әлемдік даму үдерісінің бір көрінісі екендігі анық.

Әдебиеттерге шолу

Түркі елдерінің қазіргі кездегі ынтымақтастығы, оған қатысты Ресей, Қытай және Батыс елдерінің ұстанымдары мен саясаты шетел ғы-

лымында да, отандық ғылыми зерттеулерде де кеңінен қарастырылуда. Әсіресе біз зерделеп отырған «пантюркизм», «түрікшілдік», «Ұлы Тұран мемлекетін» құру сияқты тақырыптар да назар аудартып отыр. Кейінгі кезде түркі мемлекеттерінің арасындағы қатынастар жаңа деңгейге көтерілген сайын Ресей зерттеушілері С.А. Васильева, Я. Бутаков, А. Сваранц, В.А. Надеин-Раевский, М.М. Шумилов, т.б. тарапынан «пантюркизм» қайтадан бас көтерді деп әсерлеп жазып, бұл идеяның жандануы Ресейдің территориялық тұтастығына қауіп төндіруі мүмкін деген пікірлерін білдіреді.

Сонымен бірге түркі зерттеушілері Дж. Токлуоглу, Пинар Уре, американдық Гирне университетінің докторы Озан Ормечи, Ф. Хекимоглу сияқты ғалымдардың пантюркизм идеясының қалай пайда болғандығы және оның Ресей патшалығы, КСРО кезеңіндегі орны мен рөлін пайымдаған еңбектерінің маңызы айтарлықтай. Пинар Уре «пантюркизмнің» пайда болуы мен оның жандануына бірінші дүние жүзілік соғыс ықпал жасағандығы, сол кезде Түркияның Кавказ бен Орта Азиядағы түркілерді біріктіруге ұмтылғаны туралы жазады.

Мақалада көтеріліп отырған түсініктердің мәнін жан-жақты ашып көрсетуде осы «пантюркизм», «түрікшілдік» идеясын жан-жақты зерттеген түріктанушы ғалым Я. Ландаудың да еңбектерінің маңызы зор екендігі сөзсіз. Сондай-ақ ағылшын зерттеушілері К. Мамоның, Дж. Бифолктың еңбектері пантюркизмнің қазіргі кезде Ресей мен Қытайды алаңдататындықтары туралы пікірлерін салыстыра пайдалануда маңызы зор болды.

Қазақстандық зерттеушілердің ішінде түркі тілдес елдер ынтымақтастығының мәселелері мен «пантюркизм» идеологиясы туралы талдау жасаған Қ.Телебаевтың еңбегінің маңызы айтарлықтай.

Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында жалпы ғылыми және салыстырмалы-тарихи талдау, эмпирикалық әдістер кеңінен қолданылды. Пантюркизм идеясының пайда болып таралуы және қазіргі кезеңде оның қайтадан жанданып даму үдерісін ашып көрсетуде жүйелі талдау әдісі арқылы бұл идеяның пайда болу алғышарты мен қалыптасуы және қайтадан жаңғыру үдерісі тарихи-саяси жағдайлармен ұштастыра, яғни КСРО-ның ыдырауы және түркі тілдес елдердің тәуелсіздік

алуымен Түркия сияқты алдыңғы қатарлы елдің сыртқы саясатында түркі елдерін біріктіру мақсатының пайда болуымен ұштастыра отырып, кешенді түрде тарихи жүйелілік әдісі негізінде зерделенді.

«Пантюркизм», «түрікшілдік», «Ұлы Тұран» түсініктерін анықтап, сипаттама беруде әр түрлі авторлардың пікірлеріне салыстыру, талдау, жалпылау әдістерін қолдана отырып, қорытынды жасауға мүмкіндік туды.

Талдау

Жаһандану үдерісі үздіксіз жүріп жатқан заманда, мемлекеттердің қандай да бір одаққа, ұйымға біріге отырып дамуы заңды құбылыс. Бұл ешкімді алаңдатпайтындай жүріп жатқан үдеріс болуы керек еді. Алайда түбі бір түркі елдерінің өзара ынтымақтастық әрекеттері үнемі алаңдатушылық жағдай тудырып отыр. Дегенмен Ресей және Батыс елдерінің түркі елдерінің бірігуіне деген қарсылығы негізсіз емес. Оның себебі өткен ғасырлардың тарих қойнауында, атап айтқанда – VI-VII ғғ. Ұлы Түрік қағанаты, IX-XIII ғғ. өмір сүрген Қарахан мемлекеті, Қыпшақ хандығының түркі халықтарының сол заманда ірі құрылым, күшті мемлекет болғандығын және түркілердің сол кезде сонау Қара теңізден Байкал көлі, Алтай тауларына дейін үлкен алқапта билеп-төстеген мықты күш болғаны және осы айтып отырған Ресей, Қытай сияқты елдер территориясының едәуір бөлігі осы мемлекеттердің құрамында болғаны деректерден белгілі. Осыған қарап, осындай ұлы күш, ұлы биліктің қайтадан жандануы, қайтадан бас көтеруі – түркі халықтарының бірігуі қандай да бір қорқыныш тудыратындай жағдай екендігін байқатады.

Одан кейінгі кезеңде әсіресе XIX ғ. соңынан бастап Ресей патшалығының құрамындағы түркі халықтарының өздерінің тәуелсіздігіне деген ұмтылысы сол кездің өзінде «түрікшілдік»-«пантюркизм», «Ұлы Тұран» деп аталған идеялардың пайда болуына алып келгендігі. Сонымен бірге Ресейдегі 1917 жылғы төңкерістен кейін Орталық Азия елдерінің азаттыққа, өздерінің тәуелсіз мемлекеттерін құруға деген ұмтылысының орын алуы бұл елдердің жеке, өз алдына дербес мемлекет болуын қажет еткендігін көрсетті. Осының бәрі большевиктік Ресейге ұнамады және қазіргі кезеңде құрамында түркі халықтары орналасқан Ресей Федерациясына да ұнамайтыны анық. Өйткені Ресейдің құрамында

зерттеуші С.А. Сухининнің көрсетуі бойынша, 2010 жылғы жыл санағы көрсеткендей, елдің халқының 8% (11,6 млн.) түркі тілдес халықтар екендігі белгілі болды. Ресей түркі тілдес халықтардың орналасуы, саны бойынша Қазақстан, Өзбекстан, Түркия, Ираннан кейін 5-ші орынды иеленеді екен. Ресейдің өз территориясында ежелден тұрып келе жатқан 12 түркі тілдес халықтар бар, атап айтқанда татарлар, башқұрттар, ноғайлар, якуттар, тувалар, хакастар, алтайлықтар, қарашайлар, балкарлар, қумықтар, чуваштар (Suhinin, 2023). Сондай-ақ олардың өзіндік республикалық құрылымдары бар: Дағыстан Қарашай-Шеркеш, Қабардин-Балқар, Татарстан, Башқұртстан, Саха, Алтай, Тыва, Хакасия, Шувашия республикалары. Осындай жағдайда түркі тілдес халықтардың бірігуге ұмтылуы Ресейдің территориялық тұтастығына төндіретін қауіп екендігі анық. Осыған байланысты Ресей зерттеушілерінің түркі елдерінің өзара бірігуін үнемі «пантюркизм» деп айыптап, одан саяси астар іздеп, баспасөз беттерінде шу көтеруі негізсіз еместігі байқалады.

Сонымен бірге түркі тілдес елдер мен халықтардың арасындағы өзара жақындасу мәселесі Қытайды да алаңдататыны сөзсіз. Себебі Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автономиялы өлкесінде ұйғырлар, дүңғандар және қазақтар мен қырғыздар, яғни түркі халықтарының өкілдері тығыз қоныстанған. Бұл жерде әсіресе, ұйғырлардың өз отанын құруға бағытталған қоғалысы үнемі Қытай басшылығының қатаң саясат қолдануына алып келіп отырғаны тарихтан белгілі.

Сондықтан түркі тілдес елдердің КСРО ыдыраған соң өзара ынтымақтасып, біріге бастауына Ресей, Қытай және Батыс елдері аса сақтықпен қарап, бақылап отыр десек артық емес. Ресейде өз құрамындағы түркі тілдес халықтардың да бас көтеріп, өздерінің тәуелсіздігіне ұмтылама деген қауіп жойылған жоқ. Бастапқы кезде Ресей өз территориясындағы түркі тілдес халықтардың түркі елдерінің бірлестігіне қатысуына қарсы болмады. Алғашқы кезде бұл халықтар ТҮРКСОЙ ұйымының жұмысына белсене қатысып, бақылаушы мәртебесін алған болатын. Атап айтқанда Татарстан, Башқұртстан, Саха, Алтай, Тува, Хакасия республикалары және Молдованың құрамындағы Гагауздар Ұйым жұмысына бақылаушы мәртебесінде қатысып келген болатын. Алайда, 2015 жылы қараша айында Ресей мен Түркия арасында Сириядағы соғыс барысында ресейлік ұшақтың түркі тарапынан атып түсірілуі екі елдің арасында түсініспеуші-

лік тудырған болатын. Сол кезде Ресей өз құрамындағы түркі тілдес халықтардың ТҮРКСОЙ және Түркі халықтары Ассамблеясының жұмыстарына қатысуын уақытша тоқтатты. Осының өзі қанша демократиялық принципті сақтағысы келген Ресейдің бәрібір түркі халықтарының қандай да бірігуіне, ынтымақтасуына қарсы екенін көрсетеді.

Осы ретте белді мемлекеттерді алаңдатып отырған пантюркизм-түрікшілдік және Ұлы Тұран идеялары қашан пайда болды, не себепті пайда болды деген сұрақтарға жауап беріп көрсек.

Қазіргі зерттеулерде, шетел мемлекет қайраткерлерінің сөйлеген сөздерінде «пантюркизм», «түрікшілдік», «Ұлы Тұран» деген ұғымдар жиі пайдаланылып, бұл сөздерге әр түрлі мағына, саяси астар берілуде.

Сондықтан ең алдымен «пантюркизм» (пан-түрікшілдік) дегеніміздің мәніне үңіліп көрсек, көптеген зерттеушілер пантюркизм – бұл Түркияның түркі тілдес халықтардың басын біріктіріп басқаруға деген ұмтылысы деп пайымдайды. Ал түрікшілдік дегеніміз – М.К. Ататүріктің кезінде Түркияның өзінде пайда болған түрік ұлтын күшейту, оларды барлық жағынан нығайтуға деген ұмтылыс, бағыт болғаны белгілі. Өйткені өзімізге белгілі бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін сол кездегі белді державалар Түркияның территориясын өзара бөлісіп, бұл елді әлсіретуге дейін апаратын шешімдер (Севр келісім шарты, 1920 ж.) қабылдағаны белгілі. Сол кезде М.Кемалдың түркі ұлтын нығайтуға бағытталған саясаты түрікшілдік деген ұғымның пайда болуына алып келгені сөзсіз. Ендігі жерде «пантюркизм» және «түрікшілдік» деген бір мағына бере ме деген сұрақ туындауы орынды. Кейбір зерттеушілер пантюркизм және түрікшілдік дегеніміздің мағынасы екі түрлі деп пайымдайды. Атап айтқанда, Қазақстандық зерттеуші Қ.Телебаев: «Пантюркизм саяси жағынан бірігу болса, түрікшілдік мәдени-тарихи жағынан бауырластықты жаңғырту идеясы болып табылады» – дейді (Telebaev, 2023). Мұның өзінен автордың бұл жерде пантюркизм ұғымына саяси астар берсе, түрікшілдік ұғымына мәдени сипат беріп отырғанын аңғаруға болады.

Сондай-ақ Израилдік ғалым, шығыстанушы, түріктанушы, доктор Джейкоб М.Ландау өзінің еңбегінде пантюркизм және пантуранизм деген екі ұғымға келесідей анықтама береді. Оның пікірінше пантюркизм – түбі бір түркі елдерін кемсітуден, ассимиляцияға ұшыраудан қорғау-

ға бағытталған қозғалыс болса, пантуранизм – Тұранға дейін, Орталық Азияның далаларында орналасқан барлық түркі халықтарын жақындастыру және түптеп келгенде біріктіру болып табылатын бағыттың бірі деп түсінік береді (Landau, 1995).

Ал Ресей зерттеуші С.А. Васильева болса «Пантюркизм – бұл түркі халықтарын біріктіріп, Ұлы Тұран мемлекетін құруды мақсат еткен саяси идеялық қозғалыс», – деп түсіндіреді (Vasileva, 2011).

Зерттеуші Я.Бутаков өзінің «Идеология пантюркизма-угроза целостности России» атты еңбегінде: Пантюркизм көбіне мәдени бірлікке үндейді. Бірақ қалай болғанда да, ол кез келген жағдайда Түркияның басқа түркі халықтарына саяси жетекшілігін бекіту мақсатына қызмет етеді – деген пайымдау жасаған (Butakov, 2023).

Осы пікірлердің өзінен пантюркизм түбінде түркі елдерінің басын біріктіруге бағытталған қозғалыс деген пайымдауларын аңғаруға болады.

Сонымен бірге пантюркизмді зерттей келе Ресей ғалымы А.Сваранц өзінің зерттеуінде: «Басқаша айтқанда пантюркизм және пантуранизм Осман империясының өз ішіндегі халықтарды күштеп ассимиляциялауды, ал сыртқы саясатта Түркияның қол астына түркі және тұран халықтарын біріктіруді көздеді», – дей келе бұл идея басынан бастап түркі және тұран халықтарының едәуір бөлігі тұратын Ресей, Иран және Қытай сияқты Еуразияның белді мемлекеттерінің аумақтық тұтастығы мен бірлігіне үлкен қауіп төндірді деген ойын білдіреді (Svaranc, 2023).

Түрік зерттеушісі Пынар Уре өзінің мақаласында пантюркизм -Еуразияны мекендеген түркі халықтарының этникалық, мәдени және тілдік түбі ортақтығын алға тартатын ұлтшылдық идеология деген түсінік береді (Pinar, 2024)

Қарап отырсақ, зерттеушілер өздерінің пікірлерін әртүрлі пайымдаулармен білдірсе де, пантюркизм, түрікшілдік, пантуранизм деген ұғымдардың түптеп келгенде түп төркіні – түркі халықтарының күшеюін негіздеу, олардың басын қосу, біріктіру деген түсінікті қалыптастырады. Біреуі бұл ұғымдарға саяси астар берсе, екіншісі мәдени, әлеуметтік мағынаны нұсқайды. Қандай дегенменде барлығының бірдей «пантюркизм» – бұл түбі бір түркі халықтарын біріктіруге бағытталған идея деген ортақ пайымдауларын аңғаруға болады, әсіресе қазіргі кезде «пантюркизм» ұғымына саяси мағына беріп, бұл

түркі елдерінің саяси жағынан бірігуі және ол қандай да бір қауіп төндіруі мүмкін деген түсінік басымдық.

Жалпы белді державаларды алаңдатып отырған түрікшілдік, пантюркизм, Ұлы Тұран идеялары қашан, қалай пайда болды десек, негізінен бұл көзқарастар мен идеялардың XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Ресейде пайда болғанын тарихи деректер көрсетіп отыр. Деректер бойынша, алғашқы түркі халықтардың бірлігін негіздеп, бұл идеяның негізін қалаған қырым татары Ысмайыл Фаспаралы (Исмаил Гаспринский) болып табылатынын көруге болады. Ы. Фаспаралы түрікшілдік идеясын көтергенде жеке бір мемлекет құрайын деп ұмтылмаған, оның еңбектерінің бәрінде түркі халықтарының мәдениетін жаңғырту, әлемнің түпкір-түпкіріндегі түркі халықтарының мәдени бірлігін дамыту көзделгендігін байқауға болады.

Оны сол кезде Ы.Фаспаралы өзі ұйымдастырып шығарып отырған «Тегсүман» («Тәржіман»-аудармашы) газетінен байқауға болады. Ы.Фаспаралы «Тілде, істе, пікірде бірлік» ұранымен осы газеттің алғашқы санын жарыялаған болатын. Ұстаздық жұмысын атқара жүріп, Ы.Фаспаралы ортақ түркі әліпбиін дайындап, бір тілге көшуді уағыздады. Бірқатар зерттеушілер Ы.Фаспаралы түркі халықтарын саяси жағынан біріктіруді көздемеген, дегенмен, оның түркілер үшін ортақ мәдениетті дамытуды ұсынуы «пантюркизм» идеясының негізін қалауға түрткі болды деп пайымдайды. Сонымен бірге пантюркизм идеясының ресми түрде қалыптасуына қазан татары Ж.Ақшораның іс-әрекеті себеп болды деседі.

Түрікшілдік идеяны дамытушылардың бірі қазан татары Жүсіп Ақшора өзінің еңбектерінде («Саясаттың үш түрі», 1904 ж.) түрікшілдік, османшылық, мұсылмандық деген ұғымдарға түсінік берген. Ол өз еңбегінде Осман мемлекеті өзін күшейтуді осы үш бағытта жүргізді деп пайымдайды. Яғни, Осман мемлекеті өзінің үкіметіне тәуелді халықтарды біріктіріп, түркі ұлтын қалыптастыруға тырысты және халифат тұрғындарын пайдалана отырып, барлық халықты бір мемлекет аясында саяси жағынан біріктіру, саяси тұрғыда тегі жағынан бір түркі ұлтын нақты қалыптастыруға тырысты делінген (Некимоглу, 2009).

Дегенмен Ж. Ақшораның бұл пікірін саралайтын болсақ, Осман империясы өз кезінде бүкіл Балқан елдерін, Таяу Шығыс және Солтүстік Африкадағы біраз жерлерді иемденгені белгілі. Бұл жерде сол көп, әртүрлі халықтардың ішінде

түркілерді нығайту, күшейту саясатын ұстанған деп түсінуге болады.

Зерттеушілердің кейбірі Ж. Ақшораның осы еңбегінен кейін «пантюркизм» идеясының саяси астары күшейді дегенді айтады (Tokluoglu, 2023).

Сондай-ақ 1911 ж. Ж. Ақшора сол кездегі Константинополь (Стамбул) қаласында «Түрк жұрты» газетін шығаруды ұйымдастырды. Осы газеттердің беттерінде түркі халықтарының мәдениеті туралы көп ақпараттар жарияланды. Яғни, түркі елдерін мәдени жағынан бірлігін нығайтуға деген ұмтылыс жасалынды – дейді Мишел Рэй. Өйткені XX ғ. басында Ресейде түркі тілдес мұсылмандардың басын біріктіріп, көзқарасын білдірген екі газет-«Тәржеман» және «Мирьят» шығып отырғаны белгілі (Ray, 2024).

Негізінен сонау Алдыңғы Азиядағы Түркия жерінен бастап Ресей патшалығы құрамындағы түрік халықтары орналасқан жерлер, сонау Алтай тауларына дейінгі аймақтарда түбі бір түркі халықтарының орналасуы және олардың арасында қандай да бір байланысты орнатып, дамытуды сол кездегі И. Фаспыралыдан бастап, Ж. Ақшора, З. Көкалып, А. Хусейнзаде, А.З. Валиди, т.б. сияқты көзі ашық, көкірегі ояу түркі зиялылары қажетті мәселе ретінде көтеріп, осы бағытта үлкен қызмет жасағандары бүгінгі ұрпаққа үлгілі жағдай екені сөзсіз.

Ресей зерттеушілерінің бірқатары жалпы «пантюркизм» идеясы сол Ресейдің мемлекет қызметкерлерінің асыра сілтеушілігімен саяси астары бар мәселеге айналған деген пікірі шындыққа жанасады.

Бұл туралы Ресейдің түріктанушысы В. Надеин-Раевский өзінің мақаласында 1915 жылы Ресей полициясының департаментінде жасалған анықтамада панисламизм-ресей мұсылмандарының әлеуметтік-саяси көңіл күйі, панисламистердің негізгі мақсаты Түркияның қол астына бүкіл әлемдегі мұсылмандарды біріктіре отырып, Жалпы түріктік республика құру деп жазылған деп көрсетеді. Ресейдегі мұсылмандардың негізгі білім беру, ұйымдастыру ошақтары Бұқара және Түркия деп есептелді. Патшалық Ресейде ислам дінін ұстанатын мұсылмандар үнемі бақылауда болған, әсіресе бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында. Ресейлік полиция мұсылмандар Түркия, Ауғанстан тарапынан қолдау көруде, олар Түркия мен Германияны қолдап бүлік шығару мүмкін деп үнемі оларды тексеруде болған. В. Надеин-Раевский панисламизм, пантюркизмді ресей чиновниктері өздері ойлап тап-

қан деген пікірге келеді. Оның айтуынша, ресей чиновниктері мұсылмандар тарапынан болып жатқан қозғалыстарды асыра сілтеп, үлкен қауіп төндіреді деп асыра бағалаған, соның нәтижесінде мұсылмандардың қарсылығын күшейткен және олардың қандай да бір өз мүдделерін қорғау үшін наразылық білдіруіне алып келген деп пайымдайды (Nadein-Raevskij, 2023).

Соған қарағанда бастапқыда Зия Көкалып, Жүсіп Ақшора т.б. дамытқан түрікшілдік, пантюркизм ол қандай да бір түркі халықтарын саяси біріктіруге бағытталмады, олар түркі тілдес халықтардың идеялық, мәдени жағынан бірігуін негіздеді. Тіпті ресей зерттеушілері де бұған келіседі және пантюркизм идеясының пайда болуына ресейдің әскери бас штабы кінәлі дегенді айтады. Бұл ойды Ресей зерттеушілері С. Тарасов пен А. Савранецте өз еңбектерінде нақтылайды.

Дегенмен зерттеулерге қарағанда түрікшілдік идеясын көтергендердің түпкі ойында түркі халықтарын саяси жағынан біріктіру де бой көтеріп отырғанын байқауға болады. Атап айтсақ, Зия Көкалып өзінің еңбектерінде түрікшілдік идеясын дамытып қана қоймай, Ұлы Тұранды құрудың кезеңдерін атап көрсеткен:

Бірінші кезең, Түркияның өзінде өмір сүріп отырған халықты түріктендіру, түркі тілін араб тілінің араласуынан тазарту, түріктік ұлттық мәдениетті қалыптастыру.

Екінші кезеңде оғыз халықтарын, түріктермен біріктіру, яғни Түркиядағы Әзербайжандағы және Иран территориясында орналасқан түркі халықтарын біріктіру. Басқа территорияда орналасқан түркі халықтары да өздерінің мәдениетін дамыта отырып, тұран федерациясына қосылуы керек (Vasileva, 2011).

Зия Көкалыптың осы пікірлерін оқи отырып, жалпы түркі халқын біріктіру деген идея бұрыннан келе жатқанын, бірақ мұның бәрі қағаз жүзінде қалғанын көруге болады. Соған қарамастан, бүгінгі күнге дейін түркі тілдес елдердің, халықтардың өзара жақындасу әрекеттері үлкен қауіп деп саналып, үнемі наразылық тудырып отырған құбылысқа айналып отырғандығын төмендегі пайымдаулардан көруге болады.

Атап айтқанда, Ресей зерттеушісі С. Васильева өзінің еңбегінде түркі халықтарының бірігуінің жандануын айта келіп, «Ресей, Қытай және Украина үшін пантюркизм мемлекеттің территориялық тұтастығына төніп тұрған қауіп, ал Орталық Азия мен Кавказ елдері үшін тәуелсіздігін жоғалтуға әкелуі мүмкін», – деп қорытынды-

лайды (Vasileva, 2011). Былайша айтқанда, осы пікірден-ақ Ресей зерттеушілері қазірдің өзінде түркі халықтарының бірігуін өз елдеріне төнген қауіп дегенді үнемі алға тартатынын көруге болады.

Сонымен қатар зерттеуші М. Шумилов қазіргі Ресей үшін шын мәнінде пантюркизм идеологиясы панисламизм және паносманизмге қарағанда нақты қауіп төндіретін құбылыс екенін негіздейді (Shumilov, 2024).

Қалай айтса да XX ғ. 90-шы жылдарында пантюркизм идеясы белсенді түрде бас көтерді десек артық емес. Себебі сол кезде Түркия егемендігін жариялаған Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздіктерін бірден мойындап, өзінің көмегін ұсынып, бұл елдерді өзара бірігуге шақырған болатын. Алайда бұл ұсыныс сол түркі тілдес елдер тарапынан қолдау таппады, кейінгі кезде бұл идеяның екпіні басылып қалды дей отырып зерттеушілер оның бір себебі жаңа ғана тәуелсіздік алған Орталық Азиядағы түркі мемлекеттері КСРО-дан кейін ендігі жерде Түркияның басқаруында болғанын қаламады десе, екінші біреуі сол кездері Түркияның өзінің сыртқы саясатында Батысқа қарай дамуға басымдық беруінен деп түсіндіреді.

Ресей зерттеушісі А. Кортуннов өзінің еңбегінде: Мәскеуде Солтүстік Кавказ бен Еділ бойындағы негізінен мұсылмандар және түркі тілдес халықтар орналасқан аймақтарға «түріктердің енуі» мүмкін деген қорқыныш ешқашан толығымен жойылған емес-дей келе, Түркияның түркі тілдес елдер мен халықтарға қатысты әрекетіне үлкен мән беріліп отыратынын атап өтті. Тіпті кейінгі кездегі Стамбулдағы Ая София мешітінің мәртебесін өзгертуге қатысты мәселеге де маңыз бергендігі Ресейдің үнемі түркі халықтарының бірігуі және онда Түркияның басшылық роль атқаруына қарсы тұратындығын көрсетеді деп атап өткен еді (Kortunov, 2020).

Қазіргі кезде шетел зерттеушілерінің пікірінше Ресей үшін Түркияның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасы бәсекелестік тудыратыны сөзсіз дейді. Түркия түркі тілдес елдермен жақындасқан сайын, Орталық Азияны өз ықпалынан шығарғысы келмейтін Ресей үшін бұл мазасыздық тудыратыны анық. Ресей Орталық Азия елдерін ҰҚШҰ аясында және ЕАЭО шеңберіне тартып, өзінің ықпалында сақтауға барынша тырысып отыр, Қазақстан да, Қырғызстан да осы екі ұйымға толыққанды мүше. Сондықтан Түркияның түркі елдерінің басын қосуға тырысқан әрекеті үнемі Ресейдің бақылауында болатыны

сөзсіз – деп жазады Кристиан Мамо (Мамо, 2021).

Ресей зерттеушісі С. Васильева өзінің жоғарыда атап өткен еңбегінде пантюркизм идеясы жоғалып кеткен жоқ, ол әр кезде бой көтеруде деп негіздейді. Тәуелсіздігін алған Орталық Азияның түркі тілдес елдерінің бірігіп әртүрлі бірлестіктерді құруы, ең соңында 2021 жылы Түркі мемлекеттерінің Ұйымының құрылуы түркілердің өзара бірігуіне деген үмтылысы бәсеңдемей керісінше күшеюде дегенді пайымдайды. Барлығы осы бірігу қандай да бір қауіпті одаққа айнала ма деген қауіптерін де жоққа шығармайды. Өйткені Түркияның сонау Алтай, Шығыс Түркістаннан Қара теңіз, Балқанға дейінгі аймақта орналасқан түркі елдерін өзінің басшылығына біріктіру амбициясы әлі де бар деп атап өтеді (Vasileva, 2011).

Ресейдің белгілі түркі зерттеушісі В.А.Надеин-Раевский болса пантюркизм идеясы осы уақытқа дейін Түркияның өзінде де және басқа аймақтардағы түркі тілдес елдердің санасында да сақталып қалған. Ол Ресей қиын жағдайға тап болғанда және оған қарсы күштердің бас көтере бастаған кезінде қайта бас көтереді. Мұндай жағдай XX ғ. басында, екінші дүние жүзілік соғыс кезінде және XX ғ. 90-шы жылдары қайталанды – деп пайымдау жасаған болатын (Nadein-Raevskij, 2022).

Кім қалай айтса да, бәрімізге бір мәселе анық – ол түркі тілдес елдердің шын мәнінде өзара ынтымақтаса отырып дамуға, өсіп-өркендеуге деген үмтылысы. Оны түркі тілдес елдер қазіргі кезде өз арасындағы өзара байланыс қатынастарының нақты нәтижелерімен дәлелдеп отыр. Біздің ойымызша, қазіргі жаһандану және аймақтану үдерісінің басым болып отырған жағдайында түркі елдерінің өзара ынтымақтасуы пантюркизм де, түрікшіліктің те емес, қазіргі әлемдегі болып жатқан заңды үрдістің бір көрінісі болып табылады. Қазіргі түркі елдері арасындағы ынтымақтастықтың ерекшелігі – түбі бір түркі елдерінің өзара жақындасуы, ең алдымен, бұл елдердің экономикалық жағынан өсіп-өркендеуге, мәдени жағынан ежелден келе жатқан ортақ құндылықтарды сақтауға, саяси жағынан бірін-бірі қолдауға негізделетіні сөзсіз.

Бүгінгі күні Түркияның түркі елдерімен ынтымақтасуға деген үмтылысы Орталық Азияда орналасқан түркі тілдес елдер тарапынан қолдау тауып, экономикалық және мәдени қатынастарды дамытуға деген ынталануымен жалғасын тауып келеді.

Түркия мен түркі тілдес елдер – Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркіменстан арасындағы қатынастар 1992 жылдан бастау алып, бүгінгі күні стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. Сонымен қатар түркі тілдес елдердің сол кезден басталған өзара ықпалдасу әрекеттері 2021 жылы Түркі Мемлекеттерінің Ұйымын (ТМҰ) құру және «Түркі әлемінің болашағы – 2040» атты стратегиялық маңызы бар құжаттың қабылдануы сияқты маңызды жетістіктерге әкелді. Ұйымның құрылуы түркі елдерінің бұрынғыдан да тығыз бірігіп, өзара ынтымақтастық қатынастарды бұдан былай жаңа деңгейде, жоғары қарқынмен дамытуға жағдай жасады десек артық емес.

Осы уақытқа дейін түркі елдері ықпалдасуын дамытатын қолайлы құқықтық база мен оны одан әрі нығайтатын нақты мемлекетаралық тетіктер қалптасты. Атап айтқанда, ең алдымен түркі елдері мәдениетін, дәстүрін қайта жаңғыртып дамытып, оның әлемдік өркениеттің бір көрінісі екендігін дәлелдеп, түркі мәдениеті мен өнерінің туындыларын әлемдік деңгейге көтеру мақсатында 1992 жылы ТҮРКСОЙ ұйымы құрылды. Сол кезеңнен бастау алған Ұйым бүгінгі күні түркі халықтарының тамаша өнер туындыларын әлем халықтарына таныту бағытында тұрақты түрде жұмыс жасап келеді. Ұйым жыл сайын түркі халықтарының белгілі суретшілерінің кездесуін, опера фестивальдерін, әдебиетшілердің, филолог ғалымдардың т.б. мәдениет өкілдерінің кездесуін, форумдарын, көрмелерін, концерттерін, т.б. шараларды ұйымдастырып келеді. Ұйымның бастауымен барлық түркі халықтарына ортақ мереке Наурыз мейрамы түркі халықтарының өнер иелерінің қатысуымен ЮНЕСКО аясында, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы залында, басқа да шетел мемлекеттерінің территориясында үнемі атап өтіліп келеді. Түркі жазушылары мен ақындарының көркем шығармалары түркі тілдеріне және шетел тілдеріне аударылып әлемге танытылды, сонымен бірге түркі мәдениетіне көрнекті үлес қосқан мәдени қайраткерлерінің атаулы жылдары атап өтілуде. Өте көп іс-шаралар арқылы Ұйым бүкіл әлемге түркі мәдениетінің де әлемдік өркениеттің дамуына үлес қосып отырғандығын көрсетіп келеді.

Түркі елдері ынтымақтастығындағы тағы бір нәтижелі іс-шараларға 2009 жылдан бастап Түркі Кеңесінің, Түркі Парламенттік Ассамблеясының, Түркі Ақсақалдар Кеңесінің, Халықаралық Түркі Академиясының, Түркі мәдениеті мен мү-

расының Қоры, түркі елдерінің сауда-өндірістік палатасы сияқты, т.б. өзара ынтымақтастықты дамытудың тетіктерінің қалыптасуы болып табылады. Аталған құрылымдар түркі тілдес елдердің өзара ықпалдасу үдерісін дамытуға деген мүдделілігін көрсетеді және ең маңыздысы 2021 жылы Түркі кеңесінің Түркі Мемлекеттерінің Ұйымына (ТМҰ) айналуы болды. Осы уақытқа дейін түркі мемлекеттері жыл сайын мемлекет басшыларының жоғары дәрежелі кездесулерін (саммиттер) өткізе отырып, осы елдер арасындағы сауда-тауар айналымы, көлік-коммуникация қатынастары, ғылым, білім, медицина саласындағы ынтымақтастықты, мәдени даму мәселелері бойынша барлық қажетті мәселелерді қарастырып, осы салалар бойынша келісім шарттарға қол қойып, оны жүзеге асыра отырып, біраз табыстарға жетіп отыр. Осының бәрі түркі мемлекеттері өзара біріге отырып дамуды қалайтындықтарын көрсетеді.

2021 жылы Түркі Мемлекеттерінің Ұйымы құрылған кезде Ресей, Қытай сияқты мемлекеттер тағы да алаңдаушылық білдіріп, өзіне қауіп төндіретін қандай да бір күшті одақ құрылды ма деген қауіптерін жасырған жоқ. Түркияның түркі елдерінің басын қосуға деген әрекетінен Ресейдің қорқатын себебі:

біріншіден, өзінің территориясындағы түркі елдерінің сол үдеріске қосылуға тырысып, елдің территориялық тұтастығын бұза ма деген қауіп;

екіншіден, өзінің саяси, экономикалық мүддесі бар Орталық Азия аймағында өзіне қарағанда Түркияның ықпалы артып кете ме деген қауіп.

Ресей бұл жағдайды болдырмау үшін Орталық Азия елдерін Еуразиялық Одаққа, ШЫҰ-на, ҰҚШҰ-на біріктірген болатын. Кейінгі Украинамен соғыс жағдайы, Батыс елдерінің Ресейге санкциясы елдің жағдайын қиындатып отырғаны сөзсіз. Осы жағдайда Ресей осы бірлестіктер арқылы өзінің басына түскен қиыншылықты барынша жеңілдетуге тырысып отырғаны анық.

Ресей зерттеушілері тіпті Украинадағы соғысқа байланысты өз елдерінің мемлекет басшылары түркі елдеріне қатысты саясатты сәл де болса назардан тыс қалдырды деген пайымдаулар жасап, наразылықтарын білдіруде.

Соған қарамастан түркі тілдес елдер өздерінің өзара ынтымақтастығын жалғастыруда. Жалпы алғанда түркі мемлекеттерінің халқының саны 150 млн. адам болып келеді. Олардың ортақ ІЖӨ-нің көлемі 1,5 трлн және әлемдік экономикада түркі әлемі 13 орынды иеленеді (inform, 2022).

Оның ішінде Қазақстанның түркі елдерімен сауда айналымы 2010 жылдан 2022 жыл аралығында 3 есе өсіп, 4,5 млрд. доллардан 12,9 млрд. долларға жеткен. Мұның өзі үлкен көрсеткіш және баса көрсететіндей жақсы нәтиже екендігі сөзсіз. Сонымен бірге ТМҰ осы бағыттағы өзара байланыстарды жетілдіре отырып сауда айналымын 4-5 жыл арасында 23 млрд. долларға жеткізуді көздеп отыр (economy, 2019).

Қазақстанның осы тауар айналымының көрсеткішінің 50% (4,8 млрд.долл.) Түркияға тиесілі, 3,7 млрд.долл. Өзбекстанмен арадағы сауда айналымын құрайды. 2022 жылы Қазақстанның Қырғызстанға қатысты экспорты 745,3 млн. доллар құраса, Әзербайжанға 375,3 млн. долларды құраған көрінеді.

Түркияға Қазақстан тарапынан экспортталатын тауарлардың 89% шикізат және қосылған құны төмен тауарлардан тұрады, атап айтқанда, мұнай, көмір, цинк, қорғасын, мыс және т.б. Сонымен бірге ауылшаруашылық өнімдерінен күнбағыс майы, астық өнімдері жіберіледі. Импорттың жағдайына келсек Қазақстанға негізгі тауар жеткізуші Түркия болып табылады (1,6 млрд.долл.) және Өзбекстан (1,3 млрд.долл.). Қырғызстан Қазақстанға 384 млн. доллардың тауарын, ал Әзербайжан 87 млн. доллардың тауарын жеткізетін көрінеді.

Түркі елдерінің арасындағы өзара ынтымақтастықты одан әрі дамытып, жоғары деңгейге көтеру мәселесі түркі мемлекеттерінің басшыларының 2022 жылы 11 қараша айында Самарқандта өткен саммиті тағы бір көрсетіп тастады. Осы саммит барысында түркі елдері өздерінің арасында экономикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетіп дамыту мәселесін, көлік дәліздерін жақсарту, азық-түлік қауіпсіздігін біріге отырып қамтамасыз ету және өзара жылдам байланысты қамтамасыз ететін цифрлық технология саласында ынтымақтастықты дамыту мәселелерін қарастырды. Осы саммитте түркі елдері арасындағы көлік қатынастары мен логистиканы дамыту мәселесіне ерекше көңіл бөлінді.

Өзімізге белгілі 2023 жылы Түркі мемлекеттері Ұйымының Х мерейтойлық саммиті Астана қаласында өткізілді. Назар аударалық жағдай осы жылы бұл Ұйымда төрағалық ету мәртебесін Қазақстан жағының қабылдап алуы. Осы саммитте Қазақстан президенті Қ-Ж.Тоқаев Ұйымдағы Қазақстанның төрағалығы «Түркі дәуірі!-TURKTIME!» ұранымен өтетінін жариялады. Өзінің сөзінде ел президенті: «біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын

нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау... түркі халықтарының ықпалдастығын арттыра түсі – бәрімізге ортақ міндет» – деп атап өтті (akorda, 2024). Осы жоғары мінбеден жасалған нақты тұжырым түркі тілдес елдердің арасындағы өзара ықпалдасу үдерісінің одан әрі күшейе түсетіндігін және түркі халықтары арасындағы ынтымақтастықтың болашағы зор екендігін көрсетеді.

Қорытынды

Жоғарыда айтылған мәселелерді қорытындылай келе, бүгінгі күні Түркия және түркі тілдес елдер арасындағы өзара ынтымақтастық қатынастар қандай да бір елдер үшін қауіп төндіретін жағдай еместігін негіздеуге болады. Бұрыннан қалыптасып қалған «пантюркизм», «түрікшілдік», «пантуранизм-Ұлы Тұран» идеялары өткен заманның қойнауында туындағанмен, бүгінгі күні қандай да бір қоғалысқа, әрекетке, саяси бірігуге, қауіпті күшке әкелмейтіндігі анық деуге болады.

Себебі, біріншіден, Түркия елі қанша түркі тілдес мемлекеттердің басын біріктіруге әрекеттенгенмен, тәуелсіздігін алған Орталық Азия елдері тарапынан бұл бірігу, бұл ынтымақтастық қандай да бір «Ұлы Тұран» мемлекетін құруға бағытталмайтындығы анық білдірілді. Өйткені тәуелсіздігін алғанына отыз жылдан астам уақыт ішінде Орталық Азияның түркі тілдес мемлекеттері өздерінің саясатын ешкімнің басшылығынсыз, қандай да бір тәуелді саяси одаққа бірікпей, әлем елдерімен өзара достық, ынтымақтастық қатынастарды дербес жүргізе отырып жүзеге асыра алатындығын нақты көрсетті.

Екіншіден, қазіргі геосаяси жағдай, әлемдік саясаттың күрделі тенденциясы Түркияның қаншалықты жетекшілікке ұмтылғанымен, түркі елдерінің басын қосып біріктіріп, қандай да бір саяси одақ құра алмайтындығын айқындады. Сонымен бірге Түркияның өзінің қазіргі саяси, экономикалық жағдайы да барлық түркі халықтарының басын қосып, қандай да бір саяси одақ

құруға басшылық жасауға мүмкіндігі жоқ екенін көрсетіп отыр деуге болады.

Үшіншіден, Орталық Азияның түркі тілдес елдерінің бас қосып қандай да бір саяси күшті одақ құруы көрші жатқан Ресей және Қытай сияқты елдердің саяси мүдделеріне қарсы жағдай екендігі. Бұл елдер «пантюркизм» идеясы өз елдерінің территориялық тұтастығын бұзып, өздерінің бұл елдерге қатысты геосаяси және геэкономикалық мүдделеріне қауіп төндіреді деп түсінеді және бұл жағдайды барынша болдырмауға тырысатыны анық.

Төртіншіден, әлемдік саясатта болып жатқан жаһандану, аймақтану үдерісі, әлемдік күш орталықтарының қазіргі саясаты, халықаралық қатынастардың көпполярлы сипаты қазіргі әлемдік саясатта қандай да бір жаңа күш орталықтарының пайда болып, оның бүкіл әлемдік саясатқа ықпалының арту жағдайын болдырмайтындай жағдайда өрістеп отырғандығы.

Бесіншіден, әлемдік саясаттағы күрделі тенденциялар қазіргі жағдайда «пантюркизм», «түрікшілдік», «пантуранизм-Ұлы Тұран» идеяларын дамытуға мүмкіндік бермейтіндігі болып отыр. Сондықтан тарих қойнауында туындаған бұл идеялардың қайтадан жаңғырып, бас көтеруіне негіз жоқ деуге болады.

Дегенмен Түркия мен Орталық Азияның түркі тілдес мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық қатынастардың қазіргі жеткен жетістігі мен маңызды нәтижелерін саралай отырып, мұндай қатынастарды дамыту, өркендету әбден керек жағдай деген пікірімізді білдіреміз. Бұл ынтымақтастық түркі елдерінің жоғары деңгейде өсіп-өркендеуін қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдік экономика мен әлемдік нарықтың дамуына үлес қосатын үлкен әлеует екендігі сөзсіз деуге болады. Сонымен қатар түркі халықтарының мәдениеті, салт-дәстүрінің жан-жақты дамуы әлемдік өркениеттің, әлемдік мәдениеттің жоғары деңгейде дамуына үлес қосары анық. Мұның өзі жер бетінде өзара ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынастардың тұрақты дамуына, әлем халықтарының бейбіт, қауіпсіз жағдайда өмір сүруіне қосылатын үлкен қомақты үлес және маңызды жағдай деп айтуға болады.

Әдебиеттер

- Akorda. (2024, 1 наурыз). Түркі мемлекеттері ұйымының X саммиті өтті. <https://www.akorda.kz/kz/turki-memleketteri-uyumynyn-x-sammiti-otti-3103641>
- Қазақстан халқы Ассамблеясы. (2023, 11 қазан). Түркі тілдес халықтардың фестивалі. <https://assembly.kz/news/t-rki-tildes-khaly-tardy-festivali/>
- Бутаков, Ю. (2023, 15 февраль). Идеология пантюркизма – угроза целостности России. <https://iie.kz/?p=845>
- Economy.kz. (2023, 7 апрель). В три раза увеличилась торговля со странами тюркских государств. https://economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=5661
- Hekimoglu, F. (2009). Türikshildik ideyasynyñ negizin qalaushy Yu. Akchura. KazNU Bulletin. Oriental Studies Series, (4), 28–33.
- Inform.kz. (2022, 11 ноябрь). Самаркандский саммит Организации тюркских государств: Три составляющие авторитетной площадки на международной арене. https://www.inform.kz/ru/samarkandskiy-sammit-organizacii-tyurkskih-gosudarstv-tri-sostavlyayushchie-avtoritetnoy-ploshchadki-na-mezhdunarodnoy-arene_a4000641
- Кортунов, А. (2020, 30 сентября). Реджеп Эрдоган на русском минном поле. Russian International Affairs Council. <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/redzhep-erdogan-na-russkom-minnom-pole/>
- Landau, J. M. (1995). Pan-Turkism: From irredentism to cooperation. Hurst & Company.
- Мамо, С. (2021, August 19). Is pan-Turkism about to spark a new “Great Game”? Emerging Europe. <https://emerging-europe.com/news/is-pan-turkism-about-to-spark-a-new-great-game/>
- Надеин-Раевский, В. А. (2022, 20 мая). История пантюркизма и его современные сторонники. Часть 1: Пантюркизм – основные вехи истории. https://www.perspektivy.info/misl/cenn/istorija_panturkizma_i_jego_sovremennyje_storonniki_chast_1_panturkizm_osnovnyje_vehi_istorii_2022-05-20.htm
- Надеин-Раевский, В. А. (2022, 5 июня). История пантюркизма и его современные сторонники. Часть 2: Новый этап пантюркистских надежд. https://www.perspektivy.info/misl/cenn/istorija_panturkizma_i_jego_sovremennyje_storonniki_chast_2_novuj_etap_panturkistskih_nadezhd_2022-06-05.htm
- Ray, M. (2024, January 11). Pan-Turkism political movement. <https://d-nb.info/1194979122/34>
- Шумилов, М. М. (2024, 10 марта). Влияние пантюркизма на формирование политической идентичности тюркоязычных государств Центральной Азии в XXI веке. Часть 1. CyberLeninka. <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-pantyurkizma-na-formirovanie-politicheskoy-identichnosti-tyurkoazychnyh-gosudarstv-tsentralnoy-azii-v-xxi-veke-chast-1/viewer>
- Сухинин, А. С. (2019). Регионы России с тюркской этнической составляющей: география, типология, лингвистическая сопряжённость. Kazan Federal University. https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/handle/net/158148/F_argo_2019_198_200.pdf
- Сваранц, А. (2021, март). Россия и пантюркизм: Противоборство или партнёрство? Ноев ковчег. <https://noev-kovcheg.ru/mag/2021-03/7212.html>
- Телебаев, Қ. (2023, 15 қыркүйек). Пантүркізм мен түрікшлдіктің айырмасы жер мен көктей. Alashainasy. <https://alashainasy.kz/interested/panturkizm-men-turkshldktn-ayyirmasyi-jer-men-koktey-19360/>
- Tokluoglu, J. (2023, March 14). Ziya Gökalp: Ot turanizma k tyurkizmu. <https://atamdergi.gov.tr/tam-metin/78/tur>
- Üre, P. (2024, January 12). Panturkism. 1914–1918 Online Encyclopedia. <https://encyclopedia.1914-1918-online.net/article/panturkism>
- Васильева, С. А. (2011). Пантюркизм на современном этапе: Теоретическая база и практическая деятельность. Социум и власть, (3), 75–78.

References

- Akorda. (2024, March 1). Türik memleketteri uyumynyñ X sammiti ötti [The 10th summit of the Organization of Turkic States]. <https://www.akorda.kz/kz/turki-memleketteri-uyumynyn-x-sammiti-otti-3103641>
- Assembly of People of Kazakhstan. (2023, October 11). Türik tildes halyqtardyñ festivali [Festival of Turkic-speaking peoples]. <https://assembly.kz/news/t-rki-tildes-khaly-tardy-festivali/>
- Butakov, Y. (2023, February 15). Ideologiya pantyurkizma – ugroza tselostnosti Rossii [The ideology of pan-Turkism as a threat to the integrity of Russia]. <https://iie.kz/?p=845>
- Economy.kz. (2023, April 7). V tri raza uvelichilas’ trgovlya so stranami tyurkskikh gosudarstv [Trade with Turkic states tripled]. https://economy.kz/ru/Novosti_instituta/id=5661
- Hekimoglu, F. (2009). Türikshildik ideyasynyñ negizin qalaushy Yu. Akchura [Y. Akchura as the founder of Turkism ideology]. KazNU Bulletin. Oriental Studies Series, (4), 28–33.
- Inform.kz. (2022, November 11). Samarkandskiy sammit Organizatsii tyurkskikh gosudarstv: Tri sostavlyayushchie avtoritetnoy ploshchadki na mezhdunarodnoy arene [Samarkand summit of the Organization of Turkic States]. https://www.inform.kz/ru/samarkandskiy-sammit-organizacii-tyurkskih-gosudarstv-tri-sostavlyayushchie-avtoritetnoy-ploshchadki-na-mezhdunarodnoy-arene_a4000641
- Kortunov, A. (2020, September 30). Redzhep Erdogan na russkom minnom pole [Recep Erdoğan on a Russian minefield]. Russian International Affairs Council. <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/analytics/redzhep-erdogan-na-russkom-minnom-pole/>
- Landau, J. M. (1995). Pan-Turkism: From irredentism to cooperation. Hurst & Company.

Mamo, C. (2021, August 19). Is pan-Turkism about to spark a new “Great Game”? Emerging Europe. <https://emerging-europe.com/news/is-pan-turkism-about-to-spark-a-new-great-game/>

Nadein-Raevsky, V. A. (2022, June 5). Istoriya pantyurkizma i ego sovremennye storonniki. Chast' 2: Novyy etap pantyurkistskikh nadezhd [The history of pan-Turkism and its modern supporters. Part 2]. https://www.perspektivy.info/misl/cenn/istorija_panturkizma_i_jego_sovremennyye_storonniki_chast_2_novyy_etap_panturkistskikh_nadezhd_2022-06-05.htm

Nadein-Raevsky, V. A. (2022, May 20). Istoriya pantyurkizma i ego sovremennye storonniki. Chast' 1: Pantyurkizm – osnovnye vekhi istorii [The history of pan-Turkism and its modern supporters. Part 1]. https://www.perspektivy.info/misl/cenn/istorija_panturkizma_i_jego_sovremennyye_storonniki_chast_1_panturkizm_osnovnyje_vehi_istorii_2022-05-20.htm

Ray, M. (2024, January 11). Pan-Turkism political movement. <https://d-nb.info/1194979122/34>

Shumilov, M. M. (2024, March 10). Vliyaniye pantyurkizma na formirovaniye politicheskoy identichnosti tyurkoyazychnykh gosudarstv Tsentral'noy Azii v XXI veke. Chast' 1 [The influence of pan-Turkism on political identity in Central Asia]. CyberLeninka. <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyaniye-pantyurkizma-na-formirovaniye-politicheskoy-identichnosti-tyurkoyazychnykh-gosudarstv-tsentralnoy-azii-v-xxi-veke-chast-1/viewer>

Sukhinin, A. S. (2019). Regiony Rossii s tyurkskoy etnicheskoy sostavlyayushchey: geografiya, tipologiya, lingvisticheskaya sopryazhennost' [Regions of Russia with a Turkic ethnic component: Geography, typology, and linguistic interconnectedness]. Kazan Federal University. https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/handle/net/158148/F_argo_2019_198_200.pdf

Svarants, A. (2021, March). Rossiya i pantyurkizm: Protivoborstvo ili partnerstvo? [Russia and pan-Turkism: Confrontation or partnership?]. Noev Kovcheg. <https://noev-kovcheg.ru/mag/2021-03/7212.html>

Telebaev, Q. (2023, September 15). Pantürkizm men türkshildiktiñ ayırması jer men kökтей [The difference between pan-Turkism and Turkism is vast]. Alashainasy. <https://alashainasy.kz/interested/panturkizm-men-turkshldktn-ayyirmasyi-jer-men-koktey-19360/>

Tokluoglu, J. (2023, March 14). Ziya Gökalp: Ot turanizma k tyurkizmu [Ziya Gökalp: From Turanism to Turkism]. <https://atamdergi.gov.tr/tam-metin/78/tur>

Üre, P. (2024, January 12). Panturkizm. 1914–1918 Online Encyclopedia. <https://encyclopedia.1914-1918-online.net/article/panturkizm>

Vasilieva, S. A. (2011). Pantyurkizm na sovremenom etape: Teoreticheskaya baza i prakticheskaya deyatel'nost' [Pan-Turkism at the present stage: Theoretical basis and practical activities]. Sotsium i vlast', (3), 75–78.

Автор туралы мәлімет:

Иембекова Майра Ораққызы – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, К. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: iembek@mail.ru).

Information about author:

Iyembekova Maira Orakovna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, K. Sagadiyev University of International Business (Almaty, Kazakhstan, e-mail: iembek@mail.ru).

Информация об авторе:

Иембекова Майра Ораковна – кандидат исторических наук, доцент, Университет международного бизнеса имени К. Сағадиева (Алматы, Казахстан, e-mail: iembek@mail.ru).

Жіберілді: 17 қараша 2025 жыл
Қайта жүктелді: 13 қаңтар 2026 жыл
Қабылданды: 27 ақпан 2026 жыл